

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРИСТИКА
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

GTAMP 178230

Ғ.Ж. Абылкасов¹, А.Б. Абылкасова²

¹Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы

²№ 21 мектеп-лицейі, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚ-ТАТАР БАЙЛАНЫСТАРЫ ТАРИХЫНДАҒЫ ТАТАР ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ОРНЫ

Қазақ және татар халықтарының әдеби, мәдени байланыстарының тарихы бірнеше ғасырды құрайды. Қазақ-татар байланыстары туралы айтқанда, татар әйелдерінің қазақ қоғамына тигізген оң ықпалы туралы арнайы тоқталмау мүмкін емес. Біз зерттеу жұмысымызда осы мәселеге арнайы қарастыруды жөн көрдік. Әдеби және мәдени аспектілерде алып қарастырғанда, көптеген татар аналардың арасынан бірнешеуіне нақты тоқталу қажет деп табылды. Татар әйелдерінің қазақ қоғамындағы орны туралы арнайы қарастырудың негіздемесі қалай пайда болды? Бұл сұрақ жөнінде айтарымыз мынау: XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Патшалық Ресейдің Қазақстанға ықпалы күшейе түсті. Осыған орай, түрлі факторлардың әсерінен татарлардың қазақ жеріне миграциясы күшейді. Сондай-ақ діні, тілі, шығу тегі бір болған себепті қазақ пен татар ұлты адамдары арасында некелесу деңгейі арта түсті. Осыған байланысты, қазақтың көрнекті тұлғаларының жарлары татар ұлтынан болды. Мақаланың кіріспе бөлігінде осы және басқа мәселелер қарастырылды. Атап айтқанда, түркілік мұсылман әлеміндегі әйел теңдігі мәселесі, түркі қоғамындағы әйелдердің бостандығы қарастырылды.

Мақаланың негізгі бөлімінде қазақ қоғамында өзінің өнегелі ісімен есте қалған татар әйелдерінің әдеби, тарихи бейнесі туралы пікірлер айтылды, мәліметтер мен фактілер негізінде тұжырымдар жасалды.

Мақаланың қорытынды бөлімінде қазақ әдебиеті, мәдениеті тарихына қосқан зор үлесі үшін ұлтымыздың ардақты тұлғаларына айналған татар аналардың еңбегін, жарқын тұлғасын ұмытпай, жадымызда жаңғыртып отыру керек екендігі туралы тұжырымдалған.

Кілт сөздер: татар-қазақ байланыстары, әдебиет және өнер, әйел теңдігі, гендерлік теңдік, татар зиялылары, қазақ зиялысының татар жары.

КІРІСПЕ

Халықтар арасындағы байланыс – адамзат қоғамы өмір сүруінің, интеграциясының, мәдениет алмасуының, өркениеттер үндестігінің қайнар көзі. Қазақ халқы мен татар халқының өзара байланыстары туралы зерттеу жүргізудің өзектілігі анық. Бұл – жаһандану дәуірінде екі халықтың өзара ықпалдастықта қарым-қатынас жасауына, өткені мен бүгінге талдау жасай отырып, болашақта ұлт ретінде сақталып қалу үшін тағдырлас, туыстар ұлттар бірлесе қимылдау тұрғысында қажетті болмақ. Қазақ-татар байланыстары туралы зерттеу жұмысын жүргізгенде, әдебиет, мәдениет саласындағы әйел затының ықпалы мен үлгісі туралы тоқталмай өтуге болмайды. Әйел заты – адамзат қоғамының екінші бөлігі ретінде үлкен ықпалға, маңызға ие. Әйел затының қоғамдағы орны қалай деген мәселе – соңғы екі ғасыр жүзінде өткір қойыла бастады және бұл – кез келген мемлекеттегі адам даму индексі көрсеткішіне тікелей қатысты. Әйел еркіндігіне, бас бостандығына заңнамалық тұрғыда жағдай жасалған елдің даму мүмкіндігі жоғары екендігі әлемдік тәжірибеде нақты

анықталған факт. Неміс философы Вильгельм Фридрих Гегельдің: «Еркіндік дегеніміз – қабылданған, мойындалған қажеттілік»[1], - деген пікіріне саятын болсақ, әйел теңдігі, еркіндігі заңмен айқындалып, соның аясында жүрсе, әйел заты да өзін қоғамда тең дәрежелі адам ретінде сезінуі тиіс. Әйел теңдігі немесе теңсіздігі – қоғамдағы гуманистік қарым-қатынастардың елеулі параметрлерінің бірі болып саналады. Бұл әсіресе, ХХ ғасырдың басынан бері қарайғы уақытта әлем бойынша екпін ала бастады. Ғасырлар бойы әйел затын төменгі дәрежеде көріп келген стереотиптер ХХІ ғасыр ауқымында бұзыла бастады. Дегенмен түркі халықтарында, соның ішінде қазақ және татар қоғамында әйел адамдардың отбасындағы, қоғамдағы орны ерекше әрі ежелден маңызға ие деуге болады. Көптеген мемлекеттерде әлі күнге едйін әйел адамдардың қоғамдағы орны, белсенділігі мүлде төмен немесе жоққа тән болып келді және кейбір ортодокстық діни ұстанымдағы монархиялық мемлекеттерде осы үрдіс сақталып отырғандығы – қоғам өмірінің ащы шындығы. Түркі халықтары, әсіресе, көшпелі өмір салтын ұстанатын қазақтар әйелдердің құқығы мен еркіндігін ешқашан шамадан тыс шектеген емес деуге болады. Әйел мәртебесі туралы ұғымның түркі әлеміндегі мәні зор. «Әйел мәртебесі хақында рухани мәдениетімізде оған нұқсан келтіретін немесе кемсітушілікті қолдайтын туындылар жоқ десе де болады. Өнеріміз бен мәдениетіміз, әдебиетіміз бен философиямыз – тұтас руханият бүгінгі таңда нәзік жандылардың рухын биіктететін өнімдерін тудыруда. Соның ішінде әдебиет саласы бұл көзқарасты қолдай отырып, өзінің батыл ұстанымдарын шынайы қоғамдық өмірмен байланыстыра отырып паш етуде. Ғ.Мүсіреповтың аналар образы туралы туындыларынан бастап, Н. Келімбетовтың әйел бейнесі жөніндегі шығармалары бұған дәлел бола алады»[2].

Қазақ пен татар халықтарының әдеби-мәдени байланысы, соның ішінде ару аналарға қатысты сөз болғанда, мұны Қазақ хандығы мен Қазан хандығы дәуіріндегі және бодандық дәуіріндегі кезең және жаңа замандағы қарым-қатынастар деп үш кезеңге бөлуге болады деп білеміз. Бодандық дәуірінің өзі Патшалық Ресей империясы дәуірі және Кенес империясы құрамында болған дәуір ретінде бөліп қарастырамыз.

Қазақ хандығы мен Қазан хандықтары – Алтын орданың аумағынан туып шыққан, тарихы бір, тегі бір мемлекеттер болып табылады. Екі хандық та өз заманында нығайып дәуірлеуді, сонымен бірге құлдырап, ыдырау кезеңдерін бастан өткерді. Ғасырлар өткенде Ресей мен Цинь империяларының бодандығына ұшырап, қазақтар ұзақ жылдардан кейін тәуелсіздікке қол жеткізсе, татар халқы бодандық халін кешіп, тілдік, ділдік тұрғыда көптеген шектеулерге тап болып отыр. Біз қазақ, татар әйел-аналары туралы зерттеуімізде екі халықтың тарихына ортақ тұлға Сүйімбике туралы қарастырмақпыз.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ және татар халықтарына ортақ әйел-аналардың бірі – Сүйімбике патшайым. Сүйімбике – ХҮІ ғасырдағы Алтын Орда хандығы ыдырауға ұшырай бастаған кездегі белгілі тұлғалардың бірі. Сүйімбикенің түп бабасы – Ұлы Даладағы әйгілі көсем, қолбасшы батыр, шешен Едіге би. Ол туралы қазақ халқында «Ел қамын жеген Едіге» немесе «Едіге деген ер еді, елдің қамын жер еді» деп айтылады. Едіге батырдың туып өскен өлкесі – қазіргі Қазақстан. Қазақстанның жаңадан құрылған Ұлытау облысы аумағында. Ұлытау облысы, Ұлытау ауданындағы Ұлытауда Едіге шоқысы атты биік бар. Едіге туралы жырлар да қазақ арасында аз емес. Едіге туралы жырды зерттеушілер арасында көкшелік ғалымдар Шоқан Уәлиханов пен Мәлік Ғабдуллиннің еңбектері ерекше. Едіге туралы тарихи, әдеби сипаттағы мәліметтерді де көптеп кездестіруге болады. «Тарихи Едігенің аты көпке мәлім. Алтын Орданың тарихына қатысы бар түріктердің бәрі, атап айтқанда – қазақ, ноғай, қырымды, қарақалпақ, түрікпен, башқұрт, сібір татарлары, көшпенді өзбектер, таулы алтайлықтар – тегіс Едігені өзінің батыр бабасы есептейді. Ордадағы билікті он бес жыл бойы өз қолына берік ұстап тұрған, сөйтіп ыдырап бара жатқан Алтын Орданы қалпына келтірген Едіге, литва-польша әскері мен Тевтон ордені рыцарларының біріккен жасағын талқандаған (1399ж) Едіге, орыстарды жеңген (1408ж) Едіге – Алтын Ордамен саяси

байланысы бар мемлекеттерге жазылған шежіре-жылнамалардың бәрінен де құрметпен аталады» [2].

Сүйімбикенің арғы атасы Едігеден – Нұрадын. Нұрадыннан Уақас. Уақастан Мұса мен Жүсіп туады. Жүсіп көп ұлды болған және Сүйімбике көп ұлдың ішіндегі жалғыз қызы болып бойжетеді. Бұл кезде түркі тектес тайпалар жеке-жеке шаңырақ көтеріп жатқан еді. Белгілі тарихшы, әдебиетші ғалым Мұхтар Мағауин бұл кезең туралы былай деп тұжырым жасаған екен: «Алтын Орданың дәуірлеген заманының өзінде дербестікке ұмтылған ежелгі Ақ Орда жерінде, қазіргі Қазақстан шегінде Қазақ Ордасы құрлығыны тарихтан аян. Сөйтіп жарым жалғанға билік құрған Алтын Орда өзара тәуелсіз жеті бөлікке бөлінеді. Бір ескеретін жайт, бұл кезде татар, башқұрт, ноғай, қазақ деген сияқты ұлттық жік әлі айқын емес еді. Әр хандықта да түркі рулары мен тайпалары мол қоныстанған. Бір текті ұлт болып әлі қалыптаса қоймаған кез еді. Билеушісі ұнамаған рулар бір хандықтан екінші хандыққа көшіп жүрулері жиі кездесетін... Діні бір, тегі бір, әдет-ғұрпы ортақ, тілінде болмашы ғана айырма бар туыстас түркі-қыпшақ тайпаларының тек бауырмалдығы кемшін, ауызбіршілігі жеткіліксіз болды. Іргедегі қауіп-қатерді көрмей, өзара бақталасқан қырқысқа бейім тұрды» [3].

Осы дәуірде билік құрған ноғайлыда билік құрған Жүсіп мырза өзінің қызы Сүйімбикені 1533 жылы Қазан ханы Жанәліге ұзатады. Бұл – туыстас екі хандықтың өзара ынтымағын арттыру үшін жасалған қадам болып есептелді. Жанәлі хан – Қазан хандығының негізін салған Ұлығ Мұхамедтің ұрпағы. Бірақ Жанәлі мен Сүйімбикенің некесі ұзаққа созылмайды. Аңшылықта жүргенде Жанәлі белгісіз жағдайда қазаға ұшырайды. Қазандықтар хан тағына Қырым ханзадасы Сапагерейді отырғызады. Ол Жанәлінің жиені болатын. Түркілік дәстүр бойынша таққа отырған хан жесір ханымның әменгері саналатын. Осы салт бойынша Сүйімбике Сапагерей ханның үш әйелінің үстіне төртінші әйелі болып некеленеді. Сүйімбикенің осы тұста хан сарайындағы ықпалы мен беделі күшейе түседі.

Сүйімбикенің бұл бақытты шағы тағы ұзаққа созылмайды. Алтынордаға ғасырлар бойы бағынып, салық төлеп келген Мәскеу княздігі күшейіп, енді Орыс патшалығы атанып, айналасын жаулауға кіріседі. Сол замандағы Орыс патшалығының тағына отырған Иван Төртінші ең әуелі Қазан хандығын талқандау керек деп шешіп, дайындықты бастайды. Тарихта Қаһарлы Иван (Иван Грозный) аталған айлакер орыс патшасы ашық айқаста шығудың қатерлі екенін ескере отырып, қазандықтарды іштен ірітуге көшеді. Алауыздықты күшейте отырып, көрші елдің ішкі ісіне араласады. Осындай іріткі салдарынан Сапагерей хан опасыздардың қолынан қаза табады. Зерттеуші Нади Атласидің «Сөенбикә» атты еңбегінде ұлы ханшайымға қатысты көптеген деректер бар: ««Жанәлі еріксіз (жігерсіз) хан болғандығы үшін, орыс князінің бұйрығы бойынша іс жүргізіп, оның сөзін екі етпейтін. Сапагерей хан болғаннан кейін, өзінің ұлы жұрттың ханы екенін сезініп, орыс князінің бұйрығымен жүрмей, дербес хандарша жұмыс жүргізетін болды. Бұл жылдар Қазан хандығының ең қуанышты жылдары болып, орыс мойынтұрығынан құтылып, тынышталған кезі еді. Сапагерей ханның өз бетінше хандық құруы, Жанәлі хандай орыс князінің айтқанымен жүрмеуі орыстарға жақпады. Оны өлтіріп тынды...»[4], - деп жазады зерттеуші ғалым.

Сапагерей қаза болған соң Сүйімбикеден туған Өтемісгерей ханзада болашақ хан деп жарияланады да, мемлекет басқаруды оның атынан анасы Сүйімбике қолға алады. Сүйімбикенің бойындағы Дала аналарының фольклорлық дәстүр-салты туралы аз да болса детальдер бар: «Сүйімбике көп уақыт Сапагерейді жоқтап, дауыс салып жылаумен болады. Жоқтаудың сөзін өзі жанынан шығарып, ескі мақаммен зарлап айтады екен. Қазан хандығында бұдан бұрын әйелдердің ондай дауыс салып, зарлап жоқтау айтып жылау дәстүрі болмаған көрінеді. Хан мешітінің имамы Құл-Шәріп бастаған ақсақалдар келіп, тоқтау айтса да Сүйімбике жарының қазасынан кейін көпке дейін өкініш-күйінішін баса алмай, ұзақ уақыт жоқтауын қоймайды. Оның жоқтауы кейбір кездері бірнеше сағатқа созылатын болған. Ол жоқтаулардың кейбір үзіктері ел есінде әлі күнге дейін сақталған. Оны Қазанның бүгінгі тұрғындары Сүйімбике бәйіттері деп тебіреніспен айтады.» [4, 85-бет].

Қазақ халқында көп өңірлерде күні бүгінге дейін сақталып келе жатқан жоқтау сарынын біз сол замандағы Сүйімбикенің жарын жоқтап, жылауынан айқын көреміз. Сүйімбикенің бұл ғадетіне ерекше ден қойып, жоқтаулардың мәтінін жинақтап, зерттеген белгілі татар ғалымы Фатих Урманче былай деп жазады: «... По существующему в нашей фольклористике мнению, у Казанских татар надмогильных плачей не было. И их тексты пока что не обнаружены фольклористами. Плачи, особенно причитания невесты сохранились в основном у других мусульманских народов... К тому же если учесть, что Сююмбике была дочерью известного ногайского мурзы, позже (1549) владателя всей Ногайской орды – Иусуф-бека» «Лиро-эпос татар Среднего Поволжья» [5]. Демек Сүйімбике – Ұлы Даланың салт-дәстүрін бойына берік дарытып, ойына тоқып өскен ақылды ару деп қорытындылауға болады. 150 мың әскер, 150 зеңбірекпен Қазан хандығына қарсы аяусыз жорық жасап, татар жұртын қанға бөктіріп, қазіргі күнге дейінгі бодандық дәуірінің негізін қалаған қандықол Иван Грозный – Сүйімбикенің туған жеріндегі бақытты өмірдің ерте қиылуына себепші болады. «Ұлттық әдебиетімізде әйелдер бейнесінің жырлануын көне жыр «Орхон», «Күлтегін» ескерткіштерінегі «Ұмай ана», «Оғыз қаған» дастанындағы «Айқаған» ана бейнелерінің сомдалуы түркі халықтары әдебиеттерінде бастама болып одан әрі ислам мәдениеті қанат жайған кезеңдерден бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатырғандығын байқаймыз»[6]. Түркі халықтары әдебиетіндегі ортақ тарихи кейіпкер ретінде бірнеше ғасыр бойы ұмытылмай келе жатқан Сүйімбике ару туралы қазақ және татар фольклорында көлемі үлкенді-кішілі біршама туындылар барын білеміз. Сонымен бірге жазба әдебиет өкілдері мен әдебиеттанушы, зерттеушілердің еңбектері де біршама. Сүйімбике – туыстас екі халыққа ортақ ару аналар галереясының бастауында тұрған әйгілі тұлға.

Бодандық дәуірінде түркі халықтарынан шыққан әдебиет, мәдениет өкілдеріне, оның ішінде әйел затына өзін жан-жақты көрсете алуына үлкен мүмкіндіктер болған жоқ. Дегенмен бұған кеңестік дәуірде біршама мүмкіндік туғанын, түркі халықтарынан соның ішінде қазақ, татар ұлтынан шыққан қаламгерлер, ғалымдар мен спортшылар көптеп туып шығып аты әлемге әйгілі болғаны белгілі. Әйел теңдігі мәселесі ХІХ ғасырмен салыстырғанда, ХХ, ХХІ ғасырда күн тәртібінен түсті деуге де болады. Француздың әйгілі философы Шарль Фурье: «Әрбір қоғамда әйелдер эмансипациясының табиғи өлшеуіші»[7], - деп атап көрсеткен екен. Бұл шынымен де солай екендігі даусыз. Осы тұрғыдан алғанда, татар және қазақ әйелдері көптеген халықтардан алда екенін көреміз.

ХІХ ғасырдың ортасынан бастап Патшалық Ресей билігі түркі халықтарының, соның ішінде қазақтардың ішкі ісіне өктемдікпен араласа бастады. Мұны кешенді түрде жүргізген әкімшілік билігі қазақ халқына ықпал жасаудың бір тетігі – фундаментальдық ислам діні деп қарастырды. ХІХ ғасырда татар-қазақ байланыстарының барынша күшеюіне биліктің осы саясаты да әсер етуші фактордың бірі болды. Қазан университетінің профессоры, белгілі орыс миссионер ғалымы Н.И.Ильминскийдің мына пікірі сол дәуірдегі Патшалық Ресей билігінің ұстанымын айқындайды: «Қазақтарға сендер тәңірші емессіңдер. Сендердің діндерің басқа. Ата-бабаң исламды ұстанған деп түсіндіру керек. Ол үшін біз татар молдаларын қазақ даласына жібереміз. Ислам толық орныққан жағдайда қазақ халқының рухы төмендейді және оларды басқару оңайға түседі»[8]. Бұл саясат отарлаушылар үшін едәуір деңгейде өз «жемісін» бергені анық болатын. Дегенмен мұның қазақ халқы үшін прогрессивтік сипаты болғанын да айтып өткен дұрыс болмақ. Еуропалық мәдениеттің өкілі, отырықшылық өмір салтын ұстанатын, Еділ-Жайық бойындағы татар жұртымен барынша араласу арқылы қазақ халқының тұрмысы мен салтында бұрын-соңды болмаған жаңашылдықтар пайда болып қалыптаса бастады. Қазақ даласында медреселер мен мешіттер көптеп салынып, жастар мұсылманша хат танып, сауатын ашты. «Қазақ жастарының Уфа,Троицк, Қазан, Орынбор сияқты білім ордаларында ашылған татар медреселерінде білім алулары ХҮІІІ ғасырдың соңғы жылдарында басталды. Орынбор мүфтиі Мұхаметжан Хусейннің қызы Фатиманың қазақ ханы Жәңгір ханмен үйленуі қазақ жастарының татар медреселерінде білім алуына жол ашқан болатын. Стерлітамақтағы медреседе 19. ғасырдың бастарында көптеген қазақ жастары білім алды»[9].

Жәңгір ханның қазақ әдебиетінде кеңестік дәуір қалыптастырған жағымсыз бейнесіне қарамастан, ол – жаңашыл тұлға болған. Мұны тәуелсіздік жылдары мүмкін болған Жәңгір ханға қатысты зерттеу еңбектері дәлелдейді. Сонымен қатар Жәңгір ханның өз билігі тұсында қазақ даласына, нақтылай айтқанда Бөкей ордасына әкелген мәдени жаңалықтарын оның сүйікті жары, татар қызы Фатима Құсайынованың іс-қызметімен, күш-жігерімен байланыстырамыз. Сондықтан да Фатима ханым тұлғасына арнайы тоқталу қажет болады.

Қазақтың әйгілі тұлғаларының біріне жар болған татар қыздарының бірі – Фатима Құсайынова. Фатима Құсайынова – жоғары айтылғанындай, Бөкей хандығының тақ иесі Жәңгір ханның жары. Фатима ханша 1809 жылы Қазан қаласында, Ресейдің тұңғыш мүфтиі Мұхаметжан Құсайыновтың отбасында дүниеге келген. Мұхаметжан Құсайыновтың өзі Хиуа ханы Қарай сұлтанның қызы Қарагөзге үйленген екен. Жәңгір хан мен Мұхамеджан Құсайынов екеуі де Қазан императорлық университетінің құрметті мүшелері болған. Орынбордың мүфтиі болып қызмет жасап тұрғанда Мұхаметжан Құсайынов алғаш Жәңгір ханмен кездеседі. Осыдан бастап екеуінің арасында достық байланыс өрбиді. 1824 жылы Мұхаметжан Құсайыновтың 15 жасар қызы Фатима мен Жәңгір хан (1801-1845) жұп құрады. Фатиманың ықпалымен Жәңгір хан ағаштан қыстау, кейіннен хан сарайын салдырады. Бұл турасында қазақтың белгілі ақыны Серік Тұрғынбекұлы «Махамбет және Жәңгір хан» атты поэмасында былай деп жырлайды:

Фатима жасап істің нық-түйінін,
Бірден-ақ қамын ойлап құт-күйінің.
Әкесі – Мұхамеджан Құсайынов,
Қызы екен Орынбордың мүфтиінің.
Көрініп басқалардан дара ғашық,
Екпіні күннен-күнге барады асып.
Білегін бір сыбанып, татар қызы
Билікке кетті бірден араласып [10].

Бұл – Фатима ханымның хан ордасына келгеннен кейінгі белсенді өмір-салтын танытатын өлең жолдары екені анық. Фатима ханымның Жәңгір хан ордасындағы игі істері қазақ даласының әр түкпіріне жетіп жатады. Осы арқылы өзге сұлтандар мен билер, ауқатты адамдар да үлгі-өнеге алып, жаңашылдыққа құмарланады.

Фатима ханым Қазаннан арнайы шеберлер алдырып, Жасқұста хан ордасын салдырады. Бұл да көшпелі қазақ билеушілерін отырықшылыққа, саән-салтанатқа баулудың жолы, игі кадам болады. Жәңгір ханнан кейін мұндай үрдісті Көкшетаудың Сырымбетіндегі Айғаным ханым жалғастырып, өзіне орда салдырды. Жәңгір ханның Сейіткерей атты ұлынан туған немересі, қазақ әдебиеті тарихында үлкен орны бар лирик ақын Шәңгерей Сейіткерейұлы Бөкеевтің «Ол күндерді тапсырдым» атты өлеңінде мынадай жолдар бар:

Сол айтылған Нарында,
Нарынның қызыл құмында
Ай белгілі ақ мешіт,
Алпыс бөлме, жүз есік
Салынған екен көк орда [11].

Бұл – ақынның атасы мен әжесі өз заманында салдырған хан ордасы болатын. Фатима ханымның қазақ даласындағы жаңашылдық істері көп екендігі туралы арнайы зерттеу еңбектер соңғы кезеңдерде анықтала түсуде. Фатима ханым қазақтардың отырықшылық өмірге көшуін қолдаған адам. Ел «Фатима тоташ» деп өзімсініп еркелеткен бұл ханымның тұсында Бөкей ордасында көптеген жаңалықтар енді. Осы тұста ішкі өлкелерден қуғын көрген татар зиялылары Орал өңіріне, оның ішінде хан ордасы маңына көптеп жиналды. Қазақтар шай ішуді сөнге айналдырды. Фатима қазақ қыздарын сәнді киінуге баулиды. Хан ордасында дәрігерлер жұмыс істеді. Мұғалімдер сабақ берді. Жәрмеңкелер өткізіліп, сауда қызды. Ордада мал дәрігерлері қызмет жасады. Пошта қызметі өз жұмысын мінсіз атқарып тұрды. Сонымен қатар қару-жарақ палатасын құрды. Қазіргі күні елорданың айналасында жүзеге асырылып жатқан «Жасыл аймақ» тәрізді бағдарламаны алғаш жүзеге асырған –

Жәңгір хан деуге толық негіз бар. Жәңгір хан арнайы қаржы бөлдіріп, қарағай, т.б. ағаштарды Орда төңірегіне жерсіндіріп отырғызуды жүзеге асырғандығын архив құжаттары дәлелдейді.

Өлең өзі – жыр өзі,
Шуак өзі – нұр өзі.
Қайда салсаң – бесасап,
Бес тіл білген бір өзі.
Татар тілі – сөз тілі,
Қазақ тілі – өз тілі.
Орысшаға ағып тұр,
Французға жағып тұр.
Қасындағы хан түгіл,
Петерборда патшаңыз
Одан хабар алып тұр [10, 305-б], -

делінген өлең жолдарында Фатима ханымның жан-жақты тұлғасы, көп тіл білген білімділігі сипатталған. Татар зиялысының отбасында туып-өсіп, жастайынан өнер мен білімге құштар болған Фатима ханым орыс, француз, неміс тілдерін еркін меңгерген екен. Оқу-білімнің қазақ балаларына, әсіресе қыздарға қажеттілігін бағамдаған Фатима ханым қазақ даласындағы алғашқы қыздар сауат ашу мектебін құрған. Онда қолөнер, би үйірмелерін ұйымдастырған. Би үйірмесін құрудың өзі бекер емес. Фатима ханым – классикалық билерді өте тамаша билейтін, жан-жақты талантты адам болғандықтан, патшаның арнайы балында өзінің биімен залдағы жұртты тамсандырғандығы туралы айтылады. Фатима ханым өз заманындағы орыстың көрнекті зиялыларымен, атап айтқанда, В.И.Даль, В.А.Перовский, Г.С.Карелин, К.Ф.Фукс қатарлылармен таныс әрі пікірлес адам болғандығы да оның ақыл-ой өресінің биік болғандығын аңғартады.

Жәңгір хан елін еңбекке жегу арқылы олардың өмір сүру салтын өзгертуді, прогреске баулуды мақсат етсе де, асау мінезді халық бұған үйренуге әлі дайын емес еді. Әрі төртінші әйелінің әкесі Қарауылқожаның көп жерлерді иемденіп алуына байланысты, наразылық туындап, бұл әйгілі «Исатай-Махамбет» көтерілісіне ұласады.

Көтеріліс басылған соң, 1845 жылы Жәңгір хан мен Фатима ханым Петербургке барып патшамен жүздесуге дайындалып жүргенде, Жәңгір хан қаза табады. Осы кезде императордың жарлығымен Фатима ханым уақытша мұрагер болып бекітіледі. Бұдан соң Фатима ханым Жәңгір ханның үлкен ұлы Сақыпкерейді хандыққа тағайындауын сұрағанымен, патша билігі құп көрмейді. Сақыпкерейді Петербургке шақырып алған соң, белгісіз жағдайда қайтыс болады. Бұл кезде Бөкей ордасындағы хандық билік те жойылады. Бұл жөнінде академик Талас Омарбеков былай деп тұжырым жасайды: «1845 жылы Жәңгір хан ауыр науқастан қайтыс болған соң, орыс билігін Ішкі Ордадағы хандық билікті жою туралы шешім шығаруға алып келді. Өйткені Жәңгірдің реформасы негізінде мұнда қалыптасқан саяси-әлеуметтік ахуал отаршылдардың қазақтарды орыстандыру үрдісін жеделдетулеріне кедергі келтіріп қана қоймай, орысқа қарсы наразылықты өршітіп жіберді. Енді отаршыл билік Ішкі Орданы басқаруды уақытша кеңестің қолына берді. Ал оны патша шенеуніктері басқаратын болды. Қорыта келгенде айтарымыз, заманы қайшылықты болған, хандық билігі шын мәнінде орыс отаршылдары тарапынан тым шектелген Жәңгірдің қызметін біржақты бағалауға болмайды. Қалай десек те, еуропалық тәрбие алғанына карамастан Жәңгір қазақтың дәстүрлі қоғамына тән белгілерді сақтап, дамытуға күш салған Қазақ хандығының бірден-бір соңғы қайраткерлерінің бірі ретінде тарихымызда қала береді»[12]. Жәңгір ханның прогрессивті тұлғасы туралы айтылған бұл қорытындымен келісе отырып, оның іс-қызметі дәуіріндегі жаңашыл қадамдарының бастауында сүйікті жары, татар қызы Фатима ханымның тұрғандығын да ұмытпауымыз керек болады. Қазақ даласына еуропалық мәдениетті енгізуге зор үлес қосқан жаңашыл тұлға Фатима ханым Құсайынова 1854 жылдың қазан айында, 36 жасында дүниеден өтеді.

Қазақ-татар халықтары тарихындағы еңбегі елеулі аналарға қатысты зерттеулерде тоқталмай кетуге болмайтын тұлғалардың бірі – Фатима Ғабитова. Қазақ ұлтының тарихындағы үш бірдей қоғам қайраткері, әдебиет классиктерінің ұрпағы мен шығармашылығын сақтап, жеткізуші, жанкешті тұлға, зиялы қауім өкілі ретіндегі Фатима Ғабитқызының еңбегі ерекше. Фатима Ғабитқызының өмір жолы туралы біршама қарастырылған және оның жеке архивінде сақталған құжат материалдары негізінде кітаптар да жарық көрген болатын. Бұл қайсар тұлғаның өмір жолы туралы тоқталайық: «Фатима Ғабитқызы 1903 жылы 14 қазанда қазіргі Алматы облысы Қапал қаласындағы көпес отбасында дүниеге келген. Ұлты татар. Қыздарға арналған орта орыс мектебін, татар қыздар мектебін, медресе және Қазақ университетінің филология факультетін бітірген. Фатима еуропаша білім алған, неміс және француз тілдерін білген. Көзі ашық, сауатты әйел еуропаша киініп, солардың жоғарғы мәдениеттерін ұстана білуімен өзге әйелдерден ерекшеленіп тұрған. ...Фатима Ғабитова – қазақтың үш арыстай ұлдарының жүрегін жаулаған татар қызы. Ол өзін «қазақтың татарымын» деп атаған. Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін сүйіп, жатқа оқыған»[13].

XX ғасырдың алғашқы ширегіне таман қазақ жерінде татар зиялылары тығыз орналасқан біршама қалалар мен қалашықтар болды. Солардың бірі – Жетісудың Қытайға асар шекара жолында жатқан шағын қала Қапал болатын. Осы шағын қалашықтағы ауқатты татар отбасынан шыққан білімді де тәрбиелі қыз Фатима Ғабитова 1918 жылы 17 жасында осы өңірдің тумасы, атақты «Мамания» мектебінің түлегі, оқыған азамат, ағартушы ұстаз, болашақ қоғам қайраткері Біләл Сүлеевке (1893-1937) тұрмысқа шығады. Біләл екеуінің некесінен Жәнібек, Фарид, Азат атты үш бала дүниеге келеді. Біләл Сүлеев бұл кезеңде Жетісу өңірінде қазақ балаларына арналған мектеп-интернаттар ашу бойынша атсалысып жүрген болатын. Біләл Сүлеев пен Ораз Жандосов 1928 жылы Ораз Жандосов қазіргі Қазақстан аумағындағы алғашқы қазақ университетінің негізін қалайды.

1929 жылы Біләл Ақтөбе облыстық білім беру басқармасының бастығы болып, осында қоныс аударады. Фатима қазақ мектебінде жұмысқа орналасады. 1930 жылы қаңтарда он жасар қызы Фарид қайтыс болады. Осы бір қасіретті мезетті Фатима ана азалы өлең жоларымен жазып қалдырған екен:

Оны әзір жер қойнына салғаным ба?
Жаннан артық кәдірлі Пәкентайым.
Көр ішінде жалғыз боп қалғаның ба?
Алты күн тосып жаттың сен ағанды,
Түрің де зарыққандай сарғайыпты[14].

Қызы Фарид қайтыс болғаннан үш айдан кейін үшінші баласы Азат дүниеге келеді. 1930 жылы жары Біләл Сүлеев саяси сенімсіз делініп, тұтқындалады. Осыдан кейін отбасының алаңсыз бақытты тірлігі бұзылады.

Алғашқы жары Біләл Сүлеев осылайша қызыл биліктің қырына ілініп қамауға алынып, ақыры екі жылдан кейін ақталған соң біржола Мәскеуге кетеді. Жарынан күдерін үзген Фатима Ғабитқызы екі баласымен тірі жесірдің күйін кешіп өмір сүріп жатады. Біләл Сүлеев, Фатима Ғабитқызы, Ілияс Жансүгіров – бәрі бір өңірдің адамдары болғандықтан, олардың арасында ежелден таныстық, аралас-құраластық болғаны анық. Осылайша Фатима Ғабитқызының өмірінде өзіне жақын жан ретінде Ілияс Жансүгіров пайда болады. Қазақ поэзиясына өзіндік екпінмен еніп келе жатқан жас ақын Ілияс Жансүгіров 1919 жылы өзіне орыс тілінен қосымша сабақ берген оқытушысы Фатима Ғабитқызына бұрыннан сырттай ғашық екендігін айтып, жүрекжарды арнау хаттарын, өлеңдерін жолдаумен болады.

Мен шындап сүйгем сені жүрегіммен,
Күшейіп күндегі дерт күндегімнен.
Қарадым қабағыңа көңілің үшін,
Сыйлағам, қадіріңді біле білгем.
Мен сені сүйгендіктен жүрегіммен,
Сыйлаумен сырымды айтпай жүре білгем.

Шыдауға мұнан артық дәрменім жоқ.

Жүдедім күнде мендеп күндегімнен[15], -

дейді, ақын Фатимаға арнаған өлеңдерінің бірінде. Ілияс ақынның Фатима-музасына арнаған өлеңдерінің өзі біршама. Олардың бәрінде өзінің қандай кедергілерге қарамастан шын сүйетіндігін, ендігі өмірін Фатимасыз елестете алмайтындығын жазады. Өлең жазумен қатар, хаттар жолдап, ынтызарлығын білдірумен болады: «Патима! Мен сені сүюім хақ», - деп басталған бір хатында ол былай деп ағынан жарылады: «...Сүю – көңіл жұмысы. Адамның ажалы, не ауруы сияқты белгісіз бір нәрсе. ... Сырттан сағынумен келем. ... Керек десе, жанымның жауабын, жүрегім сырын саған ашқаным да жоқ. Аяғы болмады, еріксіз айналдым. Жаным жай таппай, сені сүюім жылдан-жылға есейді. Күннен-күнге күшейді. Аяғында шыдамадым. Шектен шықты. Ескі тәртіпті, әдетті бұздым. Саған ашық сөйледім. Хаттарымда осы сарын жазыла бастады. Соңғы хатымда анығын айттым. Осыған қарағанда, менің сүюім жігітшілік те емес. Ақындардың әйелге әуестігі де емес. Менің, сені сүюім – өзіме таңдаулы, тауанды махаббат. Ұзақ өмірдің сүю сарыны сияқты. 18.ІҮ.1932 жыл» [15, 156 б].

Осылайша ол қазақтың классик ақыны Ілияс Жансүгіровпен түтін түтетеді. Ақынның жан сырын жүрегімен ұғынған Фатима Ғабитқызы Фатима Ғабитқызы мен Ілияс Жансүгіров бес жыл бірге ғұмыр сүреді. Осы кезең – Ілияс шығармашылығының ең бір өнімді жылдары болады.

Ілияс Жансүгіров досы Біләлдің балаларына өз қамқорлығына алады. Отбасында Үміт, Болат, Ильфа атты балалары дүниеге келеді. Болат өмірге келгеннен кейін Ілияс Жансүгіров те қызыл билік тарапынан саяси сенімсіз атанып, қудалана бастайды. Ақыры НКВД жендеттері ақынды жазықсыз жаланың құрбаны етіп, Фатима ана бес баласымен «халық жауының жесірі» атанып, қатал тағдырмен бетпе-бет қалады. Ілияс ақын НКВД тарапынан тұтқындалып кеткеннен кейін Фатима Ғабитова бес баласын жетектеп ел астанасы Алматыға келіп, мұнда түрлі жұмыс істейді. Бұл – негізінен, бала оқытушылық, шығармашылық бағыттағы жұмыстар болады. Балаларды оқытумен қатар, өз жанынан өлеңдер жазады. Сонымен қатар аударма ісімен айналысып, осы кезде жүріліп жатқан қазақ әліпбиінің латыннан кирилицаға ауысу үдерісіне үлес қосады. Бұл кезеңдегі бірде аш, бірде тоқ қиыншылық кезең туралы өз естелігінде былай деп жазады: «Алматыда көп қиналдым. Бірде болымсыз қызметке орналасып, бірде қызметсіз жүрдім. Жәнібегім де Алматыға қайтқан. Бес бала. Тамақ керек, киім керек. Жаны ашып, жәрдемдесер жан жоқ. Жалғыз өзім. Соғыс басталды. Жәнібек 9-класс бітіріп, жасы әскер жасына жетпесе де, ерікті түрде соғысқа кетті. Қала халқы жабық дүкендерден тамақ алатын болды. Бізге жан басына 220 грамм қара наннан басқа ештеңе жоқ. Денешынықтыру техникумында болымсыз сабақ беремін. Техникум күніне бір рет мұғалімдерге омаш көже береді. Мен сол көжені ішпей, үйге әкеліп балаларға ішкіземін. Біздің осылай қатты қиналып жүргенімізді сыртымыздан білген Мұхтар бір күні маған келіп, өзінің мені ертеден (1927 жылдан) қатты сүйетінін, менің жанымда бірер сағат болуды өзіне бақыт санайтынын айтты»[14, 89-б].

Тағдыр жолы Фатима Ғабитқызының жолына қазақтың тағы бір дара тұлғасы Мұхтар Әуезовпен қиылыстырады. Мұхтар Әуезов те зұлмат жылдары Мәскеу асып кетіп, тұтқындау саябырлаған кезде елге қайта оралған кезең болатын. Осы кезде Фатима Ғабитқызы классик жазушы Мұхтар Әуезовпен бас қосады. Олардың ортақ ұлы Мұрат дүниеге келеді. Осы жылы Жәнібек Біләлұлы майданда қаза болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Осылайша қазақтың үш бірдей белгілі азаматымен әр жылдары түтін түтетіп, олардың ұрпағын дүниеге әкелген татар қызы Фатима Ғабитова тек балалардың анасы, жар болып қана қоймай, үш азаматтың соңында қалған мұраларын қиын-қыстау кезеңде көзінің қарашығындай сақтап, кейіннен заман ептеп түзелгенде, жоқтаушысы бола білді. Педагог,

аудармашы, редактор болып жұмыс істеу арқылы қазақ балаларының білім алып, сауат ашуына, кітаптардың қатесіз басылып шығуына үлес қосты.

Фатима Ғабитқызының сұлулық пен тектілік, білімділік бір басынан, тұлғасынан танылған бекзаттығына өз дәуірінің көптеген дара тұлғалары құрмет пен таңданыс тұрғысында лебіз білдіріп, жазбалар қалдырған екен. Солардың бірі ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы:

Тағдыр қалап егерде,
Жүз көз берсе құдірет,
Жүзі де сізге қарар ед! [16] -

деп жазады. Ахмет Байтұрсынұлы Фатиманың ғылым жолына түсуіне үлес қосып, көп көмегін көрсетеді. Жоғарыда аталған үш-ақ жолда Ахметтей сөз сипатына мән беретін ерек жанның Фатимадай дара тұлғаға деген шынайы бағасы, сыйластығы, сұлулыққа деген бас июі жатқаны анық. Қазақ әдебиетінің тағы бір классигі, Алаш арысы Міржақып Дулатовтың да сұлулықты бағалай білетін ер азамат, қаламгер жазушы ретінде мынадай түйінді сөзі қалған екен: «Өз өмірімде көрген сүйкімді сұлу – Біләлдің әйелі»[17]. Қазақ арыстарының қағаз бетіне түсірген бұл сөздерін сұлулыққа құштарлық десек те, өз заманының білімді де, бекзат тұлғасы болған әйел затына құрметі десек те болады.

Қазақ-татар байланысы тарихындағы әйел затының орны туралы айтылар болса, Фатима Ғабитованың жан жақты тұлғасына соқпай өту мүмкін еместігі оның қазақ фольклоры мен педагогикасына, мемуаристикасына, өзге де ғылым салаларына қосқан үлесі арқылы айқындалады. Ол – 16 жасынан бастап қазақ, татар тілдерінде өлең жазған ақын болумен қатар, кейіннен фольклор жинаушы да болғанын көреміз: Атап айтқанда, ҚР Ұлттық мұрағатындағы фольклор жинағының 249 папкасы туралы анықтамада былай делінген: «... Атасы мен келіні», «Әжесі мен баласы», «Наурыз ақын мен қыз», «Әділ мен Ақан сері»... Баспа бетінде тұңғыш жарияланып отырған айтысты Орталық ғылыми кітапхананың қолжазба қорына 1941 жылы Фатима Ғабитова тапсырған. [18]. Бұл – әйгілі қазақ азаматтарының өмірдегі шығармашылық мұзасы болған ерек тұлғаның шығармашылық, зияткерлік, зиялылық қырын танытатын деректер.

Қорыта айтқанда, қазақ пен татар халықтарының ғасырлар бойғы өзара қарым-қатынасы тарихында өзінің өнегелі ісімен өшпес із қалдырған асыл аналар бейнесі арнайы тоқталып, зерттеуді қажет етеді. Осыны ескере отырып, біз мақаламызда ержүрек Сүйімбике ханым мен жаңашыл да ерек тұлға Фатима Құсайынова, қазақтың үш бірдей марғасқа азаматтарына тағдырдың жазуымен жар болып, олар көрген тағдыр тәлкегін бастан кеше жүріп, ұрпақтарын өрбітіп, мұраларын сақтап бүгінгі күнге жеткізген Фатима Ғабитованың өмір жолдарына тоқталдық. Татар халқынан шыққан айтулы арулардың қазақ әдебиетін, мәдениетін, өзге де салаларды дамытуға қосқан үлесі алдағы кезеңдерде арнайы ғылыми жұмыстың тақырыбы ретінде қарастырылатынына сеніміміз зор.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Георг Вильгельм Фридрих Гегель. Философия права. – Москва: Мысль, 1990 г.
- 2 Ер Едіге кім? Ол мыңғытай ма? Тағы басқа қызықты түйіндер. <https://silteme.kz/index.php/aleumet/kogam/item/3158-er-edige-kim-ol-ma-ytaj-ma-ta-y-da-bas-a-yzy-ty-t-jinder>
- 3 Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы: Ер-Дәулет, 1994 ж.
- 4 Нади Атласи. Сөөнбикә. Электрон кітап. Формат: pdf - татар телендә.
- 5 Урманчиев, Ф.И. Татар мифологиясе : энциклопедик сүзлек : өч томда /. – Казан: Мәгариф, 2008
- 6 Махашова А.Б Абай шығармаларындағы әйелдер бейнесі. «Түркі халықтарының рухани құндылықтары және Маңғыстау жыраулық дәстүрі» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары 27 ақпан, 2019
- 7 Фурье Ш. Теория четырех движений и всеобщих судеб. - Москва: Циолковский, 2017. – 396 с.

- 8 Мәшімбаев С., Мәшімбаева Г. Патшалық Ресейдің және Кеңес империяларының Қазақстандағы рухани отарлау саясатының зардабы. Алматы: Қазақ университеті, 2013 ж.
- 9 Алгар, X The last great Naqshbandi Shaykh on the Volga-Urals Region Muslim in the Central Asia Expermissions on identity and Change,-1992
- 10 Тұрғынбекұлы С. Таңдамалы (Екі томдық). 2-том. Өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Фолиант, 2014 ж, 408 бет
- 11 Бес ғасыр жырлайды (Құраст: М.Мағауин, М.Байділдаев). – Алматы: Жазушы, 1989 ж, 496 бет
- 12 Омарбеков Т. Жәңгір хан. «Ана тілі» газеті, 27 тамыз, 2015 ж.
- 13 Қалиева А. Үш арыстың музасы – татар қызы Фатима. Қамшы.кз 9 қараша, 2016 ж. <https://qamshy.kz/article/16977-ush-arystynh-muzasy-%E2%80%94-tatar-quzy-fatima-foto-video#>
- 14 Ғабитова Ф. Өртеңге өскен гүл. – Алматы: Шаңырақ, 2000. – 289 б.
- 15 Жансүгіров І. Шығармалар жинағы (5 томдық). – Алматы: Жазушы, 1994 ж.
- 16 Ахмет Байтұрсынұлы [Мәтін] : энциклопедия / бас ред. Ж. Тойбаева ; құраст. Ғ. Жандыбаев [т. б.]. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2017. - 744 б.
- 17 Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 2002-2003 ж.
- 18 Айтыс кітабы. 1988 жыл. «Жазушы» баспасы.

Материал 05.06.2022 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Hegel, Georg Wilhelm Friedrich (1990). *Filosofiya prava* [Philosophy of law]. Moscow: Mysl.
- 2 *Er Edige kim? Ol tungytaj ma? Tagy basra kyzkyty tyjinder* [Who is er Edige? Is he mad? There are other interesting clues] <https://silteme.kz/index.php/aleumet/kogam/item/3158-er-edige-kim-ol-ma-ytaj-ma-ta-y-da-bas-a-zy-ty-t-jinder>.
- 3 Magauin, M. (1994) *Kazak tarihyrynyn alippersi* [Alphabet of Kazakh history]. Almaty: er-Daulet/
- 4 Hadi Atlas. *Coinbike-tatar tilinde* [Radishchev. E-book. Format: pdf in Russian].
- 5 Urmancheev, F. (2008) *Tatar mifologiasi – encoklopedialik sosdik* [Tatar mythology: an encyclopedic dictionary: in three volumes]. Kazan: Enlightenment.
- 6 Makhshova A. B. (February 27, 2019) *Abai shugarmalarundagi aielder beinesi. «Tyrki haluktarinin ruhani qyndiliqtari zane Mangistau ziraulik dastyri» haliqaraliq gilimi-mazirbielik konferenciaci materialdari* [The image of women in the works of Abay. Materials of the international scientific and practical conference "spiritual values of the Turkic peoples and traditions of Mangystau zhyrau"].
- 7 Fourier Sh. (2017). *Teoria zetireh dvizenii I vseobshih sudeb. - Moskva: Sialkovckii,– 396 s.* [The theory of four movements and universal destinies. - Moscow: Tsiolkovsky,– 396 p.]
- 8 Mashimbayev S., Mashimbayeva G. (2013) *Patshalyq Reseydiñ jáne Keñes imperialarynyñ Qazaqstandaғы rýhani otarlay saiasatynyñ zardaby. Almaty: Qazaq ýniversiteti* [consequences of the policy of spiritual colonization of Tsarist Russia and the Soviet empires in Kazakhstan. Almaty: Kazakh University].
- 9 Алгар, X (1992) [The last great Naqshbandi Shaykh on the Volga-Urals Region Muslim in the Central Asia Expermissions on identity and Change].
- 10 Turgunbekuly, S. (2014) *Tañdamaly (Eki tomdyq). 2-tom. Óleñder men dastandar.* (in two volumes). Volume 2. Poems and sagas. Almaty: Folio, 408 pages].
- 11 M. Magauin, M. Baidildayev (1989) - *Bes ғасыр jyrlaidy (Qurast: M.Maғауын, M.Baidildaev).* – Almaty: Jazyshy, 1989 j, 496 bet [Five centuries sing Almaty: writer, 1989, 496 pages].
- 12 Omarbekov T. (2015) *Jángir han. "Ana tili" gazeti* [Zhangir Khan. Ana Tili newspaper].

- 13 Kalieva A. (2016) *Úsh arystyń mýzasy – tatar qyzy Fatima. Qamshy.kz* [The Muse of the three arys is the Tatar girl Fatima. Whip.KZ November 9, 2016 <https://qamshy.kz/article/16977-ush-arystynh-muzasy-%E2%80%9494-tatar-qyzy-fatima-foto-video#>].
- 14 Gabitova F. (2000). *Órteńge ósken gúl. – Almaty: Shańyraq, 2000. – 289 b.* [A flower grown on a fire. - Almaty: Shanyrak, 2000. – 289].
- 15 Zhansugurov I. (1994) *Shyǵarmalar jınaǵy (5 tomdyq).* – Almaty: Jazýshy, [collection of works (in 5 volumes)].
- 16 Akhmet Baitursynuly (2017) *[Mátin] : ensiklopedia / bas red. J. Toibaeva ; qurast. Ğ. Jandybaev [t. b.]. – Almaty: Qazaq ensiklopediasy,- 744 b.* [text]: encyclopedia / General Ed. "I don't know," she said. "I don't know," he said. - Almaty: Kazakh Encyclopedia, 2017. - 744 P.].
- 17 Dulatuly M. (2002-2003) *Bes tomdyq shyǵarmalar jınaǵy. – Almaty: Jazýshy* [collection of works in five volumes. - Almaty: writer, 2002-2003.].
- 18 Aıtys kitabı. 1988 jyl. "Jazýshy" baspasy. [Book of Aitys. 1988. [Zhazhi publishing house].

Роль татарских женщин в истории казахско-татарских взаимоотношении

Ғ.Ж. Абылкасов¹, А.Б. Абылкасова²

¹Кокшетауский университет имени Ш. Уәлиханова, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

²Школа-лицей № 21, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

История литературных, культурных связей казахского и татарского народов насчитывает несколько веков. Говоря о казахско-татарских связях, нельзя не остановиться на положительном влиянии татарских женщин на казахское общество. Мы решили специально подойти к этому вопросу в нашей исследовательской работе. В литературно-культурном аспекте было обнаружено, что из множества татарских женщин необходимо дать точную характеристику на нескольких из них. Как появилось обоснование для рассмотрения вопроса о месте татарских женщин в казахском обществе? Вот что мы можем сказать по этому вопросу: со второй половины XIX века усилилось влияние царской России на Казахстан. В связи с этим под влиянием различных факторов усилилась миграция татар на казахскую землю. Также повысился уровень брачности между людьми казахской и татарской национальностей по той же причине, что они имели одну религию, язык, происхождение. В связи с этим, супруги выдающихся казахов были татарской национальности. Эти и другие вопросы были рассмотрены во вводной части статьи. В частности, рассматривался вопрос равенства женщин в тюркском мусульманском мире, свободы женщин в тюркском обществе.

В основной части статьи были высказаны мнения о литературном, историческом образе татарских женщин, которые запомнились казахскому обществу своим нравственным поступком, сделаны выводы на основе данных и фактов.

В заключительной части статьи сформулировано, что за большой вклад в историю казахской литературы, культуры необходимо помнить и помнить о заслугах, яркой личности татарских матерей, ставших почетными личностями нашей нации.

Ключевые слова: татаро-казахские связи, литература и искусство, равенство женщин, гендерное равенство, татарская интеллигенция, татарская жена казахской интеллигенции.

Материал поступил в редакцию журнала 05.06.2022

The role of Tatar women in the history of Kazakh-Tatar relations

G.Zh. Abylkasov¹, A.B. Abylkasova²

¹Kokshetau University named after Sh . Ualikhanov, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

²Lyceum School No. 21, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

The literary and cultural ties between the Kazakh and Tatar peoples have a history of several centuries. Speaking about Kazakh-Tatar relations, it is important to mention the positive influence of Tatar women on Kazakh society. We decided to consider this issue in our study. From a literary and cultural point of view, it is necessary to focus on a few Tatar mothers. How did the rationale for considering the role of Tatar women in Kazakh society occur? The answer to this question lies in the fact that from the second half of the 19th century, the influence of Imperial Russia on Kazakhstan grew. In this regard, the migration of Tatars to Kazakh lands increased due to various factors. The marriage rate between Kazakhs and Tatars also increased due to the fact that they have the same religion, language and origin. In this regard, the spouses of prominent Kazakh figures were of Tatar origin. These and other questions are discussed in the introductory part of the article. In particular, the issue of women equality in the Turkic Muslim world, women's freedom in the Turkic society is considered. In the main part of the article, some points of view were expressed about the literary and historical image of Tatar women in Kazakh society (the women were remembered for their moral work), and conclusions were drawn based on data and facts. The final part of the article states that it is necessary to remember the work of Tatar mothers who became honorary figures of our people for their great contribution to the history of Kazakh literature and culture.

Key words: Tatar-Kazakh relations, literature and art, women equality, gender equality, Tatar intelligentsia, Tatar spouse of Kazakh intellectuals.

Received: 05.06.2022

МҒТАР 17.17.01

Н.Н. Айсенова

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ БАЛА ЖӘНЕ БАЛАЛЫҚ КӨРІНІСІ

Қазақ елі тәуелсіздік алғалы әдебиеттің әр саласы шынайы даму жолына түсе отырып, жанрлар түрленіп, түрлі тақырыптар аясы кеңейіп, жаңарып, әдеби процесс те қазіргі заманның жаңашыл талаптарына қарай ойысты. Соның нәтижесінде балалар әдебиеті, оның ішінде балалар прозасы да жаңа түр, сипат алды, соған орай балдырғандар, жеткіншектер, жасөспірімдерге рухани азық беретін балалар әдебиетінің алатын рөлі де өсе түсті. Сол себепті балалар әдебиетінің қазіргі даму келбетін, қоғамнан, мектеп өмірінен алатын орнына жіті талдаулар жасап отыру өзекті мәселелерге айналды.

Қазақ балалар прозасы, оның ішінде әңгімелердің тамыры тереңде жатыр. Балалар әңгімелері ХІХ ғасырда педагог, ағартушы, ғалым Ы. Алтынсарин есімімен ресми жазба түрде басталған еді. ХХ ғасырда балалар әдебиетінің барлық жанры толысып, толықты, өркендеді. Ал тәуелсіздік алған жылдардан бергі қазақ балалар прозасы, әсіресе әңгімелер жаңа даму өрісіне ие болды. Шәкен Күмісбайұлы, Арасанбай Естен, Сұлтан Қалиұлы, Әдібай Табылды, Толымбек Әбдірайым, Асқар Алтай, Маркиза Базарбайқызы сынды жазушыларымыз сапалы, әсерлі әдеби туындыларды келтірсе, Есей Жеңісұлы, Қалмахамбет Мұхаметқали, Бейбіт Сарыбай, Аягүл Мантаева, Әдина Жүсіп, Серікбол Хасан, Нұрлан Құмар, Есей Жеңісұлы, Қалмахамбет Мұхаметқали тәрізді жастар легі балалар әдебиетіне жаңа пішінде, жаңа бағытта туындылар әкеліп жүр. Осыған орай қазіргі кезең балалар әдебиетінде жаңа буын жазушылардың прозасын зерттеу, ғылыми айналымға енгізу әдебиеттану ғылымының негізгі мәселелері деуге негіз бар. Осы тұрғыдан